Астана

# BULANDY AQPARAT

№ 27 (425)
05.07.2024

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета


## Касым-Жомарт Токаев и Си Цзиньпин приняли участие в торжественной церемонии открытия ряда объектов



Главы Казахстана и Китая в режиме телемоста приняли участие в церемонии отправки грузовых автомобилей и железнодорожных контейнеров по Транскаспийскому международному транспортному маршруту.

Участникам мероприятия продемонстрировали видеоролик о транзитном рейсе по маршруту Великого Шелкового пути, по завершении которого Президент Касым-Жомарт Токаев и Председатель Си Цзиньпин дали старт движению грузовых паромов.

Затем Президенты торжественно открыли культурные центры Казахстана в Пекине и Китая в Астане.

Открытие данных центров знаменует новый этап в развитии гуманитарного сотрудничества между двумя странами. Центры станут площадками для проведения различных культурных мероприятий, выставок, лекций и мастер-классов, направленных на укрепление взаимопонимания между народами двух дружественных стран.

Особым событием также стало открытие Касым-Жомартом Токаевым и Си Цзиньпином филиала Пекинского университета языка и культуры на базе Международного университета Астана. Сотрудничество казахстанского и китайского вузов предоставит студентам уникальные возможности для обучения и профессионального роста, будет способствовать развитию языковых навыков, межкультурной коммуникации и научных исследований.

Как ожидается, успешная реализация данных проектов станет важным шагом на пути активизации культурных и образовательных обменов, а также развития политических и экономических отношений между двумя странами.

**akorda.kz.**

## Аудан әкімі А. Смайыловтың мерекелік құттықтауы

***Құрметті бұландылықтар!***

Сіздерді Елордамыздың төл мерекесі – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Астана күні – Тәуелсіз ел тарихындағы айрықша мейрам. Елорда – Тәуелсіздігіміздің символы, ел дамуының локомотиві және барша қазақстандықтардың ортақ мақтанышы.

Бас қаламыздың көз сүйсіндірер келісті келбеті күн санап көркейіп, сәні мен салтанаты келіскен заманауи астанамыз күннен күнге көркейіп, жаһанға Тәуелсіз Қазақстанның абыройын асқақтатуда. Шығыс пен Батысты байланыстырған, Еуразияның жүрегі саналатын еліміздің бас қаласы қарышты дамып, әлемнің ең үздік мегаполистерінің терезесі теңесті. Сондықтан астанамыздың келешегі кемел, жарқын сәттерге толы болады деп сенемін.

***Құрметті жерлестер!***

Сіздерді Отанымыздың жүрегі, Тәуелсіздігіміздің тірегі болған Астана күнімен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін!

## Дорогие жители района!

От всей души поздравляю вас с праздником - Днем города Астаны!

Этот знаменательный день напоминает нам о наших общих достижениях, о том, как вместе мы создаем историю и укрепляем наше общее будущее. Астана – символ нашего прогресса, гордости и надежды.

Пусть этот праздник принесет в вашу жизнь радость и новые достижения! Желаю вам всем крепкого здоровья, семейного благополучия, радости и процветания!

**Н. СЕКСЕНОВ, председатель районного маслихата.**

## Ақмола облысында журналистерге құрмет көрсетілді




Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне арналған мерекелік іс-шара «Bolashaq sarayi» балалар мен жасөспірімдер сарайында өтті.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов масс-медиа қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

«Бүгінгі таңда Ақмола журналистикасының қуатты мектебі жоғары кәсібилікпен ерекшеленеді, оқырмандарына, телекөрермендеріне жоғары адамгершілік пен рухани сезім сыйлайды деп сеніммен айта аламын. Ақмола облысында барлық жетекші республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының меншікті тілшілері жұмыс істейді, соның нәтижесінде облыстың жетістіктері туралы бүкіл республика біледі. Журналист мамандығы адалдықты, шынайылықты, ашықтықты және, әрине, талантты қажет етеді. Біздің журналистерге осы қасиеттер тән екенін мақтан тұтамын», - деп атап өтті өңір басшысы.

Қазіргі заманғы журналистика саласын дамытуға қосқан үлесі үшін, бірқатар Қазіргі журналистиканың дамуына қосқан үлесі үшін бірқатар БАҚ өкілдері жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды. Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысының қолынан «Құрмет» орденін біздің жерлесіміз Аршалы ауданының «Алға» газетінің редакторы Александр Цыганов алды.

Сондай-ақ, жыл сайынғы «Арқа төре – Ақмола» байқауының қорытындысы шығарылды, онда облыстың үздік баспа және интернет-басылымдары анықталды, ең қызықты мақалалар мен репортаждардың авторлары атап өтілді. Биыл комиссия 70-ке жуық өтінімді қарады. Жиырма негізгі және көтермелеу номинацияларының лауреаттары 300 және 200 мың теңге көлемінде сыйақы алды. Биыл алғаш рет облыстың әлеуметтік-экономикалық жетістіктерін үздік ақпараттық жариялағаны үшін Жанайдар Мусин атындағы сыйлық тағайындалды, оның иегері облыстық «Акмолинская правда» газетінің тілшісі Вероника Бурда болды.

Айта кетейік, биыл байқау 14-ші рет өтуде. Осы уақыт ішінде шамамен 300 журналист марапатқа ие болды.

Мерейтой иелері де назардан тыс қалған жоқ. Биылғы жылы белгілі журналистер Любовь Фомич, Сәуле Құсайынова және Валентина Отт өздерінің жеке атаулы күндерін атап өтті. 90 жыл бұрын Жақсы ауданының «Жақсы жаршысы – жақсы хабаршысы» газетінің бірінші нөмірі жарық көрді, Астрахан ауданының «Маяк» газеті 85 жылдық мерейтойын атап өтуде. Медиа сала мэтрлері мен газет редакцияларына естелік сыйлықтар табыс етілді.

Іс-шара мерекелік концертпен аяқталды.

**Ақмола облысы әкімдігінің ресми сайтынан.**

## Хорошее начало – половина дела

Большими испытаниями, которые могут выпасть на долю людей, являются ситуации природного и техногенного характера. Масштабной стихии, к сожалению, невозможно противостоять, остается только покориться, а также работать над тем, чтобы минимизировать ущерб, нанесенный ею, и впредь максимально защитить жителей от подобных бедствий.

Известно, что в районе подверглось подтоплению 245 домов. Согласно техническому заключению 127 из них не подлежат восстановлению.

На сегодняшний день в Иванковке начато строительство домов для пострадавших от паводков. Согласно плану, возводимые дома будут типовыми - одноэтажными, площадью 80 квадратных метров на одну семью. Вся работа ведется согласно алгоритму: на выделенных участках были проведены инженерно-геологические изыскания. Весь этап строительства, начиная с нулевого цикла, курируется областным профильным ведомством. Несомненно, на местном уровне, ход всех выполняемых работ под непосредственным контролем местного исполнительного органа, компетентных служб, а также депутатского корпуса областного и районного маслихата. Рекомендован также контроль партии «AMANAT», так как в приоритет ставится вопрос качества возводимых домов. Важно, чтобы было не только рациональное освоение выделенных средств, но и создание необходимых условий для дальнейшего проживания сельчан.

Для жителей села, конечно, событие долгожданное и волнительное, каждый этап стройки будет проходить у них на глазах. У них появилась надежда обрести новый кров, который, несомненно, наполнится теплом и уютом. Сельчане, в свою очередь, благодарны государству и властям, как регионального, так и районного уровня, а также всем, кто вносит вклад в это нужное и важное дело.

Следует также отметить, что современным новшеством нынешних строительных работ является то, что казахстанцы в онлайн режиме могут отслеживать прогресс строительства жилья для пострадавших жителей от паводка. Ведь строительные работы ведутся во многих регионах страны. Такие цифровые технологии обеспечивают прозрачность строительства, позволяя контролировать качество работы. С этой целью на объектах строительства уже сегодня установлены видеокамеры.

**А. АМАНЖОЛОВА.**



# Домбыра – ұлттың рухы, тарихы

Шілде айының алғашқы жексенбісі – Ұлттық домбыра күні. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 12 маусымдағы Жарлығымен қабылданған домбыра күнінің қазақ халқы үшін маңызы ерен. Өйткені:

«Қос ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-пәл кем бұра.
Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – домбыра...»- деп Қадыр ақын қадір тұтқан домбыра барша иесі қазақтың мақтанышы. Домбыра күні алғаш аталып өткенде Тұңғыш Президент өз сөзінде: «Жақында менің жарлығыммен шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні деп жарияланғанын білесіздер. Бүгін бұл мерекені еліміздің барлық өңірі атап өтуде. Домбыра – қазақтың жаны, рухы, тарихы, салт-дәстүрі, бүкіл бітім-болмысы. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы ұлттық мәдениетімізді әлемге танытуға домбыра ерекше үлес қосады. Құрманғазы мен Дәулеткерейдің, Тәттімбет пен Сүгірдің, Қазанғап пен Динаның күйлері – төл мәдениетіміздің бірегей үлгілері»-деген болатын. Иә, осы бір қос дауыс сарынында мұңдасып бастан кешкен алмағайып заман мен көшпелі тарихымыз жатыр. Қос ішегі күмбірлей жөнелгенде кең-байтақ сахрамыз, аққулы айдын көлдеріміз, сұлу табиғатымыз көз алдымызға елестеп, алыста жүрсең сағынышың, жаныңда жүрсең жұбанышың болады. Белгілі зерттеуші Г.Н.Потаниннің: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді»,- деуі де осы домбыраға байланыстыра айтқаны болар. Тарихымызды қос ішегіне сыйдырған домбыра – ұлттың рухы, үні, байлығы.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

# Домбырасыз ән бар ма?

Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті аспабы – домбыра. Сымдай тартылған қос ішектен саңғасырдың сан алуан сипаты, көңіл күйі жатыр «Майысып қос ішегінен күй өткенде, Ой туар жүрек түгіл сүйектен де. Домбырам қайран менің, қайран менің, Ризамын, сені маған сый еткенге», деп Жүмекен Нәжімеденов айтқандай – домбыра әр қазақтың маңдайына Алла сый еткен керемет аспаптың бірі. Ағымдағы жылдың 1 шілде күні Макинск қаласының музыка мектебінің және балалар шығармашылық орталығымен бірлесіп «Домбырасыз ән қайда» атты іс шара ұйымдастырылған болатын, ол жобада алпыс орындаушылар қатысып өнерлерін ортаға салды. Рухани тұрғыда білім алып жатқан жастарымыз, аспапқа деген қызығушылықтарын іспен дәлелдеп берді. Өнерлі жастарымыз көп болсын.

**С. НҰРЖАНОВ, БММ директоры.**



# Тарихты тану – тағылымды іс

Аудан орталығы 1945 жылы «қала» мәртебесін алды. Содан бері құлдырау мен өркендеуден өтіп тарих баспалдағынан өзіндік биік белесін бағындырып келеді. Қазір тоғыз жолдың торабындағы қаламыз қайнаған еңбектің ортасы. Осы орайда өткеніне үңіліп, тарихына бір тоқталып өтсек. Аудандық мұрағат басшысы Бектас Темірғалиұлы бір жазбасында: «Макинка елді мекенінің іргетасы 1914 жылы қаланғаны жайлы дерек энциклопедияда жарияланған. Және елді мекеннің атауы туралы әр түрлі нұсқадағы пікірлер бар. Бірі елді-мекен атауы темір жол салған Макинский деген құрылысшы-инженер тегі десе, бірі Макин деген жер телімін берушінің тегі себеп болған дейді және қазіргі Біржан сал ауданының Макинка селосының тұрғындарының бір бөлігі осы жерге қоныс аударған, соған байланысты аталған дейді. Бұған көршілес ауылдардың тұрғындарының «Ескі Мәтен», «Станса Мәтен»,-деп осы елді мекендерді әлі күнге дейін атауы дәлел болуы мүмкін. Аудан орталығының атауына қазақи мағына беріп Ақшатай Сәдуақасқызы бір ой айтып еді. Макин атауына Мақы қажы аулылының болғаны жайлы. «Чьи земли?- Мақы- Макы?- Макина...- Макина земли»- деген еді.

Ал, абыз ақсақал Ермек Қаратайұлы қала тарихы жайлы өз ойын былай жеткізген болатын: «Бұрын осы қаланың орнында елді-мекен болмаған. Осыдан 3-4 шақырым қаланың оңтүстігінде 6-7 үй болған. Олар 1886 жылдары Ресейден келген орыстар болатын. Қазіргі Тас Карерынен бастап қаланың солтүстігіндегі Көкшетауға өтетін тас жолдың бойына дейін Қараөзек колхозының егістік жері еді. 1929 жылы осы қала арқылы Түрксиб темір жолы салынған соң пселке пайда болды. Темір жол стансасы салынып оған Макин темір жол стансясы деген ат берілді. Сатансияның Макин аталуына себеп «Ескі Мәтен» деп аталатын Прогресс совхозының ауылдық жерінде Макин атты өте бай көпес тұрыпты. Теміржол құрылысын салуға адамдай, көлікпен күрделі көмек берген екен. Бұрын жер, су аты болмағандықтан әлгі адамның атын берген көрінеді. Теміржол стансясы жұмыс бергеннен кейін жан-жақтан көшіп келіп, жұмыс істейтіндер көбейіп, халқының саны да артып отырған. Халыққа қажетті обектілер салына бастады. Дүкендер ашылып, үлкен базар орнады. Соғыс жылдары Мичуриннен үлкен зауыт әкеліп орнатты. Зауыт поршен сақиналарын, снаряттар дайындады. Он төрт-он бес жасар балалар мен әйелдер станокқа тұрып соғысқа керекті заттарды дайындайтын. Бұл зауыттың өнімдері кейін соғыс біткен соң 14 мемлекетке жөнелтіліп тұрды. Тағы да темірден жасалатын заттарды шығаратын зауыт салынды, кірпіш зауыты салынды. Степгеология орталығы Макинкаға орналасқан жылы сол аумақта Степгеология шағын қалашығы пайда болды. Бұл мекеменің бірнеше бөлімдері жұмыс істеп қаланың гүлденуіне септігін тигізді. Сонымен қатар, Макин қаласының көркеюіне үлкен ықпал еткен аудан орталығының Вознесенка селосынан макинкаға ауысуы болды. Аудандық мекемелердің бәрі орталыққа көшіп келді. Қала тұрғындары үйлермен толыға бастады. Құрылыс обектілері жұмыстарын бастады».

Сондай-ақ, көнекөз қарияларды айтуынша қаламыздың оңтүстік батысындағы қарағайлы орманы жайқалған әсем алқапты Елтоқ (Көкі) руынан тараған Арыстан, Бостан, Өтебай және Қожамберді ауылдары жайлапты. Орман –тоғайларының «Қызыл ағаш», «Өтебай», «Бараба», «Құр ойнақ», «Атам шоқ», «Тойлық» деген атаулары болған көрінеді. Соңғы жылдары тек «Келте қыстау», «Қожамберді», «Сары томар» деген атауларын ғана құлағымыз шалып жүр. Сонымен қатар, бұл маңның «Көкілер елі» атануы да сол Елтоқ руына байланысты. Бұл жердегі Көкі деп отырғанымыз сол Елтоқ. Жалпы Елтоқ елге сыйлы, ауқатты, кез келген жиын, тойдың көркін кіргізіп отыратын адам болса керек. Сондай бір жиынның алдын бермей әңгімесін бастағанда сырын жақсы білетін құрдастары «Көкіді» деп әзілдеп, кейін «Көкі» атанып кетсе керек.

Ал, 1950 жылы өзгерістерге сәйкес Қараөзек, Қыстауқарағай және Еркіндік шағын колхоздары біріктіріліп орталығы Қыстауқарағай ауылы болды. Кеңес төрағасына Қани Сағадиев сайланды. Кейін осы жылы тағы ірі біріктірулер болды. Алайда бұл ұзаққа бармады 1968-1969 жылдары шаруашылықтың тозып, ыдырауына байланысты Қараөзек ауылы таратылды. Дегенмен еліміз егемендік алған жылдары туған өлкемізде игілікті істер жүргізілді. Жұртшылықтың қалауымен «Колоколовка» селосына ауылдың тарихихи атауы қайтарлған болатын.

Қала тарихы жайлы қандай дерек айтылса да біз үшін құнды. Бұл өткенімізді саралап, тарихымызды түгендеп өскелең ұрпаққа жол көрсетер құнды мұра қалдыруымызға септігін тигізер.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

# Балуан Шолақтың Ақбоз аты

«Балуан Шолақ» дегенде апайтөс балуан, біздің құшақ жетпейтін кір тасын көтерген алып күш иесі көз алдымызға елестейді... «Балуан Шолақ» дегенде артынан аңыз ерген атақты тұлға мұнартады... «Балуан Шолақ» дегенде «Ғалия» әні ойға оралады... «Балуан Шолақ» дегенде Ақбоз аты кісінеп келіп тұрғандай көрінеді...

Қазақ халқы ертеден-ақ ақылды, дарынды, талантты ұрпағын «сегіз қырлы, бір сырлы» деп бір-ақ ауыз сөзбен танытқан. Ұлына келгенде «Жігітке жеті өнер де аз» деп тағы да қайрай түскен. Ен далада еркін өскен еркe ұлттың маңдайына біткен батырлар мен баһадүрлер, ақындар мен күміс көмей әнші-жыраулар аз емес. Сондай тұлғалардың бірі - Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) Баймырзаұлы.

Балуан Шолақ жауырыны жерге тимеген күрес шебері, ауыр салмақ көтеріп өнер көрсеткен алып күш иесі, адуынды ақын, ғаламат әнші-сазгер. Бұдан өзге ат құлағында ойнайтын айрықша өнері болған. Шауып келе жатқан ат үстінде күрделі цирктік көріністер жасай беретін, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген.

Қазақ тарихындағы айрықша тұлға тағдыры мен өмір жолын зерттеушілер аз емес. Балуанның ізбасар ұрпағы да арамызда. Кейінгі буын балуанның бұралаң өмір жолын жазушы Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесімен біліп өсті.

Балуан Шолақ жылқы жануарын ерекше құрметтеген. Ақбоз аты айырылмас серігі болған. Бұл жайында Сәбеңнің повесінде жазыла кетеді.

- Оның есі - дерті жақсы атта болды. «Ер қанаты — ат» деген мақал тұсті оның ойына. Аздаған сауаты бар ол, — батырлар жырын жақсы көріп оқитын еді. Сонда,— Қобыландының — Тайбурылы, Алпамыстың — Байшұбары, Қамбардың — Қарақасқасы, шапса құстан озатын, болдыруды білмейтін, кезеңді жерде иесіне адамнан артық серік болатын, иесінің қуанышына қуанып, қайғысына қайғыратын аттарға ол аса қызығатын еді.

«Шіркін, сондай аты бар батырда арман бар ма екен!» деп ойлайтын еді Балуан Шолақ. «Құдай - ау! — деп тілейтін еді, дінге сенетін ол,— сенен байлық сұрамайын, тақымыма басатын солардай бір ат бер!»

Міне енді, жарысқан көптің артында қалғанда, сол қынжылуға Балуан Шолақ тағы да түсті. «Ер қанаты ат» деген бұрынғылар - ай!—деді ол ауыр ойда, топтың арасында аяңдап келе жатып, — аузыңнан айналсам болмас па!.. Жүйрік көңілді — жаман ат тұсады!.. Атсыз кісі — қанатсыз құс екен!..»

Ендігі оның, бар арманы, өзіне қанат боларлық бір ат тауып міну болды... - де

Ат құлағында ойнаған алып талай асау тұлпарды жуасытқан. Шығармада Балуанның тұлпар тани білетін қасиеті айқын ашылған. Ал арманы қалай орындалғаны, Ақбоз атты қалай тапқаны былайша баяндалады:

- Серіктерімен Балуан Шолақ Неғметжанның шатырына кіріп қымыз ішіп отырғанда, есік арқылы, бұйра талдардың арасынан көзіне шымқай боз жылқы шалынды. «Бұндай да боз жылқы болады екен!» деп таңданған Балуан Шолақ, әлденені сылтау қып тысқа шығып үйездеген бір топ аттың ортасында басын түйістіре тұрған боз жылқыға жақындаса, талай сұлу жылқыны көре - жүре, көзіне бұрын түсіп көрмеген тамаша ақбоз ат!.. Бұл топтағы жылқының бәрі де құр ат болу керек, — еттері тым семіз...

Ақбоз атқа қызыққан Балуан, анықтап көруге, мүмкін болса ұстап көруге таяна беріп еді, аттар да, ақбоз ат та жақындатпай, ығыса жөнелді. «Міне, ат!» деп ойлады Балуан. Ол қосқа қайта кіргенде, аттар нақ қостың аузына қарсы үйездеп тұра қалды.

— Неғметжан! — деді Балуан Шолақ, — анау Ақбоз сенікі ме?

— Менікі.

— Асау ма, өзі?

— Жүген - құрық тимеген.

— Сатуға әкелдің бе?

— Әрине.

— Сол сияқты атты сата ма кісі?

— Өзім де қимаймын. Бірақ — ит мал!.. Биыл тоғызға шығады. Үйрете алмай - ақ қойдық. Далада асау айғырды ұстап мінетін жылқышылар да үйрете алмады. Ең алдымен шығаннан шыққан қашаған, атпасаң ұстатпайды, екінші — бұғалыққа бойлауық, — он жігіт тартып тоқтата алмайды; үшінші — төрт аяғын буып, аузын тұмшаламасаң ерттетпейді, — тебеді, тістейді; төртінші — үстіне адам мінсе, басын билетпей, тұмсығын төсіне тұқыра тығып алады да, орғып тулай береді, мінген адамды жықпай қоймайды. Қанша жыл азаптанып, үйрете алмаған соң, амал жоқ, сатпақшымын. Әйтпесе, сатуға адам қияр жылқы емес.

Балуан «маған сат!» дей алмады. Бұндай аттың бағасы кем дегенде 40—50 сом. Балуан Шолақта ондай ақша жоқ. Сондықтан Неғметжанды сөзбен торлап:

— Егер біреу осы атыңды үйрете қалса қайтер ең? — деді.

— Қалағанын берер ем, — деді Неғметжан.

— Егер аттың өзін қаласа ше?.

Неғметжан күмілжіп қалды.

— Біреуге сататын атын қимай ма? — десті тыңдаушылар. Неғметжанның, аузына сөз сап, — жай бермес, бұлын алып берер.

— Сөзіңнің сарынын аңғарып отырмын, — деді Неғметжан Балуан Шолаққа, — көңілің кетіп отыр екен. Әйтеуір сататын атым, саған - ақ берейін. Ойдағы бағамды да сұрамайын. Менің қолқам — осыны өз көзіміе үйретіп мін! Мұның ең кем дегенде екі жуан аттық құны бар. Егер үйретсең — бір аттың ғана ақшасын төле, екінші аттың ақшасы — үйреткен еңбегің болсын. Осы атта кетіп бараткан кегімді әперсең болғаны. Расымды айтайын: тұлғасына қызыққанмен, мінезінен қорқып базарда ешкім алмады. Осымен базарға үшінші рет әкелдім. Егер сен алмасаң, амал жоқ, биыл соғымға сойып басын мүжимін...

Балуан асау атты Неғметжанның көз алдында үйретеді. Арпалысып баққанмен балуанның адуынан аса алмайды. Иесі қимағандай сыңай танытқанмен, уәдесінен тайқып кете алмайды. Нұрмағамбет те құр алмайды. Құнын төлейді. Қалтасында көк тиын болмаса да, қасындағы достары азынаулақ ақшасын жиып береді.

- Ақбоз ат айта қалғандай болды. Семізден жарап, бауыры тартылғаннан кейін, маңайынан өткен кісі оның сұлулығына тоқтап қарамай кете алмады. Аяңдаса да, желсе де, шапса да ол алдына жылқы түсірмеді. Бірақ Шолақ оны «бір мінгенім — бір дәурен емес пе?» деп бәйгеге қоспады.

Ақбоз өте мінезді болды: Шолақтан басқаға атпаса ұстатпады, Шолақтың қолына құрықсыз тұрды, ерттеулі қалпында қаңтарусыз қойса қозғалмады, бос жіберсе қашпады, бейбіт оттамады, ішін жинақ қалпынан түсірмеді, «жат, кел, бар, отта, жуса!» деген сияқты сөздерді ұғып, бұлжытпай орындады.

Ақбозды Шолақ аса еркелетеді: мезгілінде оттатты, суарды, тамағын тәтті ғып берді, денесін кірлетпей күн сайын жуды, жал-құйрығын төгілдіре күн сайын тарады, атасынан қалған күмісті қалмақы ер - тоқымнан басқа тұрманды денесіне жолатпады, кекіліне үкі, құйрығына шолпы тақты, мінгенде денесіне қамшы тигізбеді. Солайша мәпелеген иесінің «аяңда, жел, жорт, шап!» — дегенін Ақбоз тізгінді ұстауадан аңғарды да, бұйрығын қалт етпеді, - деп суреттеледі шығармада.

Балуан Шолақ пен Ақбоз ат жайлы ел арасында айтылып жүрген аңызға бергісіз айрықша әңгімелер көп. Бір деректерде алдымен Ақбоз ат, соңынан балуан дүние салған деседі. Енді бір әңгімеде: «Мен ауыл сыртына шығамын. Соңымнан Ақбоз атты босатыңдар. Егер артымнан еріп кетсе, демек кейінгі ұрпағыма әруағым қонбағаны» - деп балуан түзге шығады. Бұл әңгіме жайында балуанның немересі Қайролла Шолақов былайша баяндайды: «Артымда қалған ұрпақтарыма әруағым қала ма деп, Қарагерді жегіп, Ақбоз атты бос жіберіңдер. Ақбоз соңымнан қалмаса, онда әруағым өзіммен бірге кетеді. Ауылдан біраз шыққаннан кейін Ақбоз ат қалмай, шанада отырған иығына басын салып жүре берген екен. Сонда әкеме ауылға қайта ғой... - деген екен дейді сұқбатында.

Балуан Шолақ - алып күш иесі, ғаламат әнші-сазгер ғана емес, қазақ халқының мүддесі үшін күрескен тұлғаның бірі. 2014 жылы ел көлемінде 150 жылдығы аталып өтті. Ал 2017 жылы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы мен Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша көркем фильм түсіру қолға алынған. Бастапқыда 2017 жылдың күзінде, кейіннен 2018 жылдың көктемінде жарыққа шығуы тиіс болған кинотуынды кешеуілдеуде. Оған басты себеп - компьютерлік графика жұмыстары ұзаққа жалғасқан. Бұл фильм жарыққа шықса, батыр бабамызды тағы бір қырынан танып, бір жасап қаламыз деп сенемін.

**О. САНСЫЗБАЙ**

# ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕГІ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН ҚАЛА

## Астананың көрікті жерлері мен қызықты орындары

Астана-Қазақстан Республикасының елордасы. Қала 1998 жылы 10 маусымда астана мәртебесін алды. Бұған дейін Астана Алматы болған. Халық саны бойынша Касзахстанның Үшінші қаласы, Алматы мен Шымкенттен кейін. Құрылысы дыбыстан жоғары қарқынмен жүргізіліп жатқан Қазақстанның қазіргі заманғы астанасы. Жоғары деңгейдегі қонақ үйлер, айналы көк тіреген ғимараттар, кең даңғылдар мен әдемі жағалаулар: қазіргі Астана туристердің алдында дәл осындай көрініс табады.

Астана туралы қызықты фактілер әлемде мемлекеттердің тек екі астанасы Солтүстік Мұзды мұхит бассейнінде жатыр - Ұлан-Батор (Енисей өзенінің бассейнінде жатыр) және Астана (Есіл өзені Обь өзеніне құятын Ертіс өзенінің бассейніне жатады) және Астана, австриялық геосаясат Йордис фон Лохаузенге сәйкес, Еуразияның геосаяси ауырлық орталығында орналасқан.

Астананың келбеті мен атмосферасы Қазақстанның болашаққа деген ұмтылысын білдіреді. Қазақстанның жас астанасы өте заманауи және жарқын. Озық технологиялар мен дизайнды қолданатын бірегей сәулет жобалары, заманауи қонақүйлер, бизнес орталықтар, көп қабатты жаңа ғимараттар қаланың батыл амбициясы мен субұрқақ Энергиясын көрсетеді.

Астанада 20-ға жуық саябақ, 13 мұражай, 5 театр және қала қонақтарын қызықтыратын және өз сұлулығымен жергілікті тұрғындарды қуантатын басқа да көптеген көрікті жерлер бар. Бұл тізімде олардың кейбіреулері ғана бар:

### 1. Бәйтерек

«Астана-Бәйтерек» монументі-әлемде теңдесі жоқ бірегей ғимарат. Бәйтерек-Тәуелсіз Қазақстанның символы, Астананың көрікті жері ғана емес, жаңартылған Қазақстанның визит карточкасы болып табылады.



Бәйтерек мұнарасы (қазақ тілінен аударылған. — «терек») биіктігі 150 м Қазақстанның жас және дамып келе жатқан астанасын бейнелейді. Мұнара үлкен шармен жабылған, оның түсі жарықтандыруға байланысты өзгереді. Мұнараның «тамыры» - жер астына 4 м созылатын төменгі қабаттар, аквариумдар, кафелер мен галереялар бар.

Бәйтерек панорамалық залынан 86 м биіктіктен қалаға тамаша көрініс ашылады, ал алпауыт лолипопқа ұқсағаны үшін Бәйтерек бір кездері «чупа-чупс»деген лақап атқа ие болған. Мұнараның панорамалық залының ортасында әртүрлі әлемдік діндердің 17 өкілі қол қойған 17 жапырақшасы бар ағаш глобус орналасқан, ал глобустың жанында әдемі үстелде Президент Назарбаевтың алақаны бар «тілектерді орындау машинасы» орналасқан.

### 2. Бейбітшілік және Келісім сарайы

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайы биіктігі 62 м және негізі бірдей ені бар дұрыс пирамида нысанында салынған. Ол әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының халықаралық Конгресін өткізу үшін арнайы салынған. Сарай пирамида түрінде «Фибоначчидің Алтын бөлімі» қағидаты бойынша салынған.



### 3. Ақ Орда

Ақ Орда - Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Қазақстанның елордасы Астана қаласында Есіл өзенінің сол жағалауында, Сулы-жасыл желектің басында, Бәйтерек монументінен үш жүз метр қашықтықта орналасқан.

Президенттік резиденция заманауи технологияларды қолдану арқылы 3 жыл бойы салынды. Экскурсиялар үнемі өткізіліп тұрады, оның барысында сіз 1800 шаршы метрлік орталық залды көре аласыз.метр, баспасөз конференциялары залы, салтанат залы, Қысқы бақ және басқа да бөлмелер.



### 4. «Қазақстан картасы-Атамекен «Этно-мемориалдық кешені



«Қазақстан картасы-Атамекен» Этно - мемориалдық кешені белгілі сәулетшілер мен дизайнерлердің жобасы бойынша құрылған. Мұнда сіз Қазақстанды шамамен екі футбол алаңы сияқты «миниатюрада» көресіз.

Кешен картасында 14 облыс және Республикалық маңызы бар 2 қала орналасқан: Астана мен Алматы, Қазақстанның табиғи-климаттық аймақтары мен ландшафттарының, сондай-ақ сәулет және қала құрылысы ансамбльдерінің, оның ішінде тарих және мәдениет ескерткіштерінің сан алуандығы ұсынылған.

### 5. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мұражайы

Мұражайда егемен Қазақстанның тарихына қатысты және еліміздің Тұңғыш Президентінің өмірі, Мемлекеттік және қоғамдық қызметі кезеңдерін ашып көрсететін мұрағаттық құжаттар, ғылыми еңбектер, кітаптар, сыйлықтар, марапаттар коллекциялары және басқа да материалдар сақталған.



### 6. Астана Опера

«Астана Опера» опера және балет театры - Астананың ең жас көрікті жерлерінің бірі. Театрдың сәнді дизайны келушілерді оның бай репертуары сияқты әсерсіз қалдырады.



### 7. Астананың символы - «Хан шатыр»



Сэр Фостердің тағы бір архитектуралық қиялының көрінісі және Астананың жаңа символы» Хан Шатыр « — сауда-ойын-сауық кешені болды, оның ғимараты алып шатырға ұқсайды. Хан Шатыр аумағында ауданы 127 мың шаршы метр дүкендер, кафелер, мейрамханалар, кинотеатрлар, тіпті жасанды жағажайы бар аквапарк және толқындары бар бассейндер бар. Бірақ Хан Шатырдың басты ерекшелігі-Мальдив аралдарынан тропикалық климаты мен қарлы-ақ құмы бар жағажай курорты!

### 8. Думан

«Думан» ойын-сауық орталығы көптеген қызықты нысандарды біріктіреді. Бұл қазіргі заманғы 5D-киноатракционы, әйгілі тарихи ескерткіштердің дәл көшірмелері мен макеттері бар күмбезді кеңістік, көптеген дүкендер және теңізден 3 мың км-ден астам қашықтықта орналасқан ТМД-дағы жалғыз Океанариум. Осындай қашықтыққа қарамастан, аквариумға теңіз фаунасының 2 мыңға жуық өкілі жиналды.



### 9. Цирк

Астанаға экскурсия кезінде көптеген ғажайып сәулет құрылыстарын көруге болады, сонымен қатар қарапайым үйлердің арасына қонған орасан зор бөтен кемені де көруге болады. Қорықпаңыз: қала орталығындағы бұл алып ұшатын табақ-Бұл ерекше формада салынған цирк ғимараты. Цирктің фантастикалық сұлбасы Астананың заманауи стиліне сай келеді және қаланың сәулетіне тамаша үйлеседі.




Цирктің ішінде диаметрі 13 метр болатын арена бар, оның айналасында 2000 көрермен орны орналасқан. Бұл ретте сахна алаңдарды ауыстыруға арналған механикамен жабдықталған: күмбез, трапеция, мұз айдыны, манеж және т.б. астында ұшуға арналған. Цирк ғимаратының жанында әртүрлі қызметтік ғимараттар орналасқан: қонақ үй кешені, әкімшілік блок және ұяшық.

### 10. Хазрет-Сұлтан мешіті

Қазақстанның жас астанасы Астананың ең заманауи көрікті жерлерінің бірі-Хазрет Сұлтан мешіті. Бұл Орталық Азиядағы ең үлкен мешіт 3 жыл бойы салынып, 2012 жылдың шілдесінде салтанатты түрде ашылды. Үлкен ғимарат шығыс сарайына ұқсайды, ал оның құрылысына Астананың әдемі сәулет ескерткішін жасаған 1500-ден астам құрылысшылар мен шеберлер қатысты.

«Әзірет Сұлтан» атауы «қасиетті сұлтан»деп аударылады. Мешітке ақын, философ және бүкіл Орталық Азияға танымал мұсылман әулиесі болған сопылық шейхтердің бірі - Қожа Ахмет Ясауидің (XII ғасыр) есімі берілген. Әулиенің кесенесі қазақтың Түркістан қаласында орналасқан.

**ticketon.kz/astana.**



# ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕРІ – ПРОФЕССИОНАЛЬНЫ ДАТЫ ИЮЛЯ

## Құрметті әріптестер, ветеринариялық инспекцияның мамандары!

Біздің кәсіби мерекеміз – Ветеринаринариялық қызметкер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мамандық жер бетіндегі ізгі мамандардың бірі болып табылады, өйткені жануарлардың денсаулығын сақтай отырып, адамдардың да денсаулығы сақталады.

Ауыл шаруашылығының бұл маңызды саласының әл-ауқатына адамдардың және жалпы ұлттың денсаулығы тікелей байланысты.

Өздеріңіздің еңбектеріңізбен сіздер жануарлардың денсаулығының сақталуына, өнімдердің сапасын және олардың қайта өндірілуі мен сақталуына бақылау жүргізесіздер.

Біздің кәсіби мереке – ол жалпы жұмыс қорытындысын шығарып, алдағы мақсаттарды нақтылап, тәжірибелі, лайықты мамандарға құрмет сөзін айтып, жас мамандарды атап өтуге болатын күн.

Осы инспекция қабырғасында 25 жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор - Екатерина Васильевна Толкачева;



17 жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспектор - Светлана Викторовна Борисенко;

2023 жылы инспекцияға жұмысқа орналасқан С.Сейфуллин атындағы университетті қызыл дипломмен аяқтаған жас маман, мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспектор - Асем Алданышевна Саденова.

Осы жылы Ветеринариялық қызметкер күні ресми түрде қабылданып, бірінші рет аталып жатыр, бұл ауданның ветеринария саласындағы қызметкерлердің еңбектері бағаланып, олардың құрметті және маңызды адамдар екенінің белгісі.

Сіздерге тұрақтылық, жұмыста жеміс, бақыт және амандық, үйлеріңізде жайлылық, мықты денсаулық, жақсы көңіл-күй және барлық жақсылықты тілеймін.

**Құрметпен, ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Бұланды аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Жұлдыз Балтабекқызы Сексенова.**

## Дорогие коллеги, уважаемые сотрудники ветеринарной инспекции!

Примите искренние поздравления с нашим профессиональным праздником – Днем ветеринарного работника!

В назначении профессии, которая по праву считается одной из гуманных на земле, заложен глубочайший смысл: через охрану здоровья животных – охрана здоровья человека.

Наша профессия является одной из самых благородных и гуманных. На эту специальность людей приводит призвание, поэтому случайных людей в ветеринарии не бывает. От благополучия этой важнейшей сферы сельского хозяйства напрямую зависит здоровье людей и нации в целом.

Своим трудом вы обеспечиваете охрану здоровья животных, стоите на страже здоровья человека, контролируете качество продукции и соблюдение правил ее переработки и хранения.

Ваш профессиональный праздник - это возможность подвести итоги, наметить перспективы, высказать слова благодарности и уважения опытным, заслуженным работникам и отметить молодых.

Более 25 лет в инспекции работает государственный ветеринарно-санитарный инспектор Екатерина Васильевна Толкачева;

Более 17 лет в инспекции - государственный ветеринарно-санитарный инспектор Светлана Викторовна Борисенко;

2023 году пришла на работу в инспекцию молодой специалист после окончания с красным дипломом университета им. С. Сейфуллина государственный ветеринарно-санитарный инспектор Асем Алданышевна Саденова.

В этом году День ветеринарного работника празднуется в соответствии с его официальным признанием первый раз и это придает особую торжественность этому празднику, это дает понять специалистам в области ветеринарии района, что их труд ценится, а сами они являются уважаемыми и значимыми людьми.

Желаю Вам стабильной, успешной, плодотворной работы, счастья и благополучия, уюта в доме, крепкого здоровья, отличного настроения и всего самого наилучшего!!

**С уважением, руководитель ГУ «Буландинская районная территориальная инспекция Комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК» Жулдуз Балтабековна Сексенова.**

## Ең игі де адамгершілігі мол мамандықтың бірі

Құрметті ветеринарлық қызметкерлер!

2024 жылдың 10 шілдесінде алғаш рет кәсіби мерекеміз – Ветеринария қызметкері күні ресми түрде бекітілді. «Дәрігер адамды емдейді, ал мал дәрігері адамзатты емдейді!» - Академик Иван Павловтың бұл сөздері көпшіліктің тағдырына айналған ең игі де адамгершілігі мол мамандықтың бірінің мәнін көрсетеді. Халықтың денсаулығы ауыл шаруашылығының осы маңызды саласының әл-ауқатына тікелей байланысты.

Ветеринария – экономиканың дамуын, азық-түлік қауіпсіздігін және ұлт денсаулығын қамтамасыз ететін ұлттық экономиканың маңызды саласы. Ветеринариялық маманның әрбір жұмыс күні стрессті және адамдардың қауіпсіздігі үшін үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл мыңдаған диагностикалық және профилактикалық шараларды, процедураларды және ветеринарлық-санитарлық сараптамаларды қажет етеді. Бұл жұмыстың астарында жоғары кәсібилік пен адалдық, тапсырылған жұмысқа жауапкершілік, нәтижеге бағытталған ұйымшылдық тұр. Саланы ойдағыдай дамыту, ауыл шаруашылығы саласына инновациялық технологияларды енгізу, азық-түлік өнімдерінің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ветеринария мамандарының алдында тұрған міндеттер. Ал біз бұл маңызды міндеттерді абыроймен атқарып келеміз.

Алдағы ветеринария қызметкері күнін мерекелеуге байланысты ауданда ветеринария саласында еңбек еткен ардагерлерді шын жүректен құттықтайды. Біздің құрметті ардагер әріптестеріміз: Тамара Николаевна Чучеткова, Иван Андреевич Штефанов, Валентина Ивановна Мирошник, Сергей Васильевич Мун, Балтабек Сокенович Канаев, Кайдар Каирбаевич Маймаков, Анатолий Дмитриевич Тертов, Амантай Тюлюбаевич Отарбаев.

Өңіріміздің эпизоотиялық салауаттылығын қамтамасыз етудегі Сіздердің қызметтеріңіздің ауқымы зор – аса қауіпті аурулармен күрес және жануарлардан алынатын өнімдермен күрестен бастап, ғылыми зерттеулер мен білікті кадрларды даярлау. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға және жақындарыңызға бақыт және амандық тілейміз!



Құрметті аудандық ветеринариялық саласының қызметкерлері: Валентина Федоровна Штефанова, Абай Зекенович Хамзин, Еркеш Косманович Апсаметов, Чингисхан Конкубаевич Дюсенов, Сергей Казбекович Абдрахманов, Кулдан Хапар, Канат Кабиденович Шугубаев, Александр Васильевич Чеботарев, Саян Кабешевич Каримов, Омар Шаимович Сейткужин, Иманмади Коккоз, Татьяна Степановна Абузова, Алла Васильевна Жукова, Любовь Ивановна Вольская, Оксана Ярославовна Алфимова, Ирина Александровна Семиножко, Ольга Александровна Гончарова, Аягоз Каллиакпаровна Мамырбаева, Аспандияр Торохан, Анна Геннадьевна Мусабекова, Ирина Владимировна Галкина, Ирина Андреевна Цапко, Гариффолла Канатхан. Сіздерге зор денсаулық, еңбектеріңізге жеміс, табыс, отбасылық бақыт, сеніп тапсырылған аумақтарда эпизоотиялық амандық тілейміз!

Сондай-ақ, өмірден озған әріптестеріміз - Сергей Васильевич Алексеенко, Владимир Александрович Портянко – жадымызда мәңгі сақталады, оларды еске алып, құрметтейміз!

**«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бұланды аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі».**

## Одна из самых благородных и гуманных профессий

Уважаемые сотрудники ветеринарной службы!

10 июля 2024 года впервые официально утвержден профессиональный праздник – День ветеринарного работника. «Врач – лечит человека, а ветеринар – человечество!» эти слова академика Ивана Павлова отражают сущность одной из самых благородных и гуманных профессий, которая стала для многих призванием и судьбой. От благополучия этой важнейшей сферы сельского хозяйства напрямую зависит здоровье людей и нации в целом.

Ветеринария является важнейшей сферой народного хозяйства, обеспечивающей развитие экономики, продуктовую безопасность и здоровье нации. Каждый трудовой день ветеринарного специалиста –это напряжение и огромная ответственность за безопасность людей. Для этого требуется провести тысячи диагностических и профилактических мероприятий, процедур и ветеринарно-санитарных экспертиз. За этим трудом стоит высокий профессионализм и самоотдача, ответственность за порученное дело, сплоченная работа, нацеленная на результат. Успешность развития отрасли, внедрение в аграрную сферу инновационных технологий, обеспечение высокого качества продуктов питания и их безопасность – вот цели, за достижение которых отвечают ветеринарные специалисты. И мы с честью справляемся с этими важными задачами.

В связи с предстоящим празднованием дня ветеринарного работника приносим свои искренние поздравления ветеранам сферы: Тамаре Николаевне Чучетковой, Ивану Андреевичу Штефанову, Валентине Ивановне Мирошник, Сергею Васильевичу Мун, Балтабеку Сокеновичу Канаеву, Кайдару Каирбаевичу Маймакову, Тертову Анатолию Дмитриевичу, Отарбаеву Амантаю Тюлюбаевичу. Значителен Ваш вклад в обеспечении эпизоотического благополучия нашего региона, широка сфера деятельности – от борьбы с особо опасными заболеваниями и контроля продукции животного происхождения до научных исследований и подготовки квалифицированных кадров. Желаем вам крепкого здоровья, счастья и благополучия вам, вашим родным и близким!

Желаем всем работникам ветеринарной службы: Валентине Федоровне Штефановой, Абаю Зекеновичу Хамзину, Еркешу Космановичу Апсаметову, Чингисхану Конкубаевичу Дюсенову, Сергею Казбековичу Абдрахманову, Кулдан Хапар, Канату Кабиденовичу Шугубаеву, Александру Васильевичу Чеботареву, Саяну Кабешевичу Каримову, Омару Шаимовичу Сейткужину, Иманмади Коккоз, Татьяне Степановне Абузовой, Алле Васильевне Жуковой, Любови Ивановне Вольской, Оксане Ярославовне Алфимовой, Ирине Александровне Семиножко, Ольге Александровне Гончаровой, Аягоз Каллиакпаровне Мамырбаевой, Аспандияру Торохан, Анне Геннадьевне Мусабековой, Ирине Владимировне Галкиной, Ирине Андреевне Цапко, Гариффолле Канатхан стабильной, успешной, плодотворной работы, счастья, уюта в доме, крепкого здоровья, успехов в работе и эпизоотического благополучия на вверенных вам территориях!

Также помним и чтим ушедших из жизни наших коллег - Сергея Васильевича Алексеенко, Владимира Александровича Портянко.

**ГУ «Буландинская районная территориальная инспекция Комитета ветеринарного контроля и надзора Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан».**

## Актуальные вопросы заболеваемости энтеробиозами

Возбудителем энтеробиоза служат острицы, паразитирующие в нижнем отделе тонкой кишки и по всей длине толстой кишки. В ночное время оплодотворенные самки паразита выходят через анус и откладывают яйца в перианальных складках кожи. Отложенные яйца становятся инвазионными уже через 6—7 ч. Яйца попадают на белье, полы, предметы быта. Единственным источником инвазии является больной человек; чаще всего энтеробиозом страдают дети, особенно в условиях скученности, тесного контакта. Часты повторные самозаражения, когда ребенок заносит яйца остриц в рот собственными руками, яйца попадают под неподстриженные ногти. Ночью при зуде в области анального отверстия, от расчесывания могут появиться ранки и ссадины, приводящие к небольшим кровотечениям. Для клиники энтеробиоза характерны раздражение, зуд и чувство жжения в области заднего прохода, промежности и наружных половых органов, преимущественно ночью. Нередки расстройства эмоциональной сферы, а у женщин и девочек при заползании остриц в половые пути появляются симптомы гинекологических болезней, другими симптомами могут быть боль в животе, понос, тошнота, рвота. Речь идет о повышенной возбудимости, бессонницы, ночных кошмарах, внезапном недержании мочи, раздражительности. Диагностика энтеробиоза, как правило, незатруднительна. Яйца остриц обнаруживают в соскобах с перианальных складок. Для профилактики паразитарных заболеваний всем членам семьи соблюдать правила гигиены, стараться не допускать близкого контакта с домашними животными; на улице важно следить, чтобы ребенок не подбирал различные предметы; соблюдать правила личной гигиены (мыть руки с мылом после улицы и посещения туалета); целесообразно периодически проводить дома влажную уборку, мыть с мылом игрушки, особенно при наличии домашних животных, а также игрушки, принесенные с прогулки в дом; пылесосить ковры, мягкую мебель и мягкие игрушки; не употреблять немытые овощи и фрукты, недостаточно термически необработанные мясо и рыбу, сырую воду из естественных водоемов.

**А. ЖАМБАСОВА, лаборант-паразитолог Буландынского районного отделения филиала РГП на ПХВ «НЦЭ» КСЭК МЗ РК по Акмолинской области.**

# ДӘУІР ТҰЛҒАЛАРЫ: БІРЖАН САЛДЫҢ ТУҒАНЫНА 190 ЖЫЛ

Қазақтың әйгілі ақыны, сазгері Біржан сал Қожағұлұлы 1834 жылы Ақмола облысының Біржан сал ауданында дүниеге келіп, 1897 жылы алпыс үш жасында туған жерінде қайтыс болған. Бозбала кезінен әнші-ақындардың қасына еріп, той-думанның сәніне айналады. Шөже, Салғара, Толыбай, Орынбай, Нүркей, Сегізсері, Арыстан тәрізді өнер иелері – Біржан салдың ұстаздары. Орта жүз Керей тайпасы Ақсарынан шыққан.

Біржан сал әндері өзі өмір кешкен заманның неше алуан оқиғаларын, адамгершілік, ізгілік мәселелерін толғап, адам жанының нәзік сезім күйлерін лирикалық әсем сазға бөлейді. Біржанның алғашқы әндерінің бірі — «Біржан сал» әні. Мұнда жастық шақтың от-жалыны да, салдық, серілік салты да, сұлулық атаулыға қызығу да көрініс береді. «Айтбай», «Ақтентек», «Алтын балдақ», «Бірлен», «Ғашығым», «Мәті-Дәулен» сияқты әндер Біржан сал шығармашылығындағы шоқтығы биік, сыршыл шығармалар.

Біржан сал әншілік, ақындық, орындаушылық өнерде де өз үн-бояуымен, өз әуенімен жеке-дара өнерпаз болғандықтан, оның айналасына халықтың таңдаулы ақын, әншілері, өнерпаздары топталып, ақынды ұстаз тұтқан. Бұлардың бір тобы Біржан салның әншілік, ақындық, композиторлық өнерін өздерінің шығармашылығы арқылы дамытса (Жаяу Мұса, Акан сері, Қанапия, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай т. б.), енді бірқатары оның ән шығармашылығы, орындаушылық өнерін, халық арасына кеңінен таратушы, насихаттаушы болды (Құлтума, Жарылғапберді, Ғазиз т. б.). Біржан салның ізін қуған осындай өнерлі адамдар арқылы біздің заманға оның 44-ке жуық әні жетті. Кеңес заманында Ғ. Айтбаев, К, Байжанов, Ә. Кашаубаев, К. Бабаков, Қ. Лекеров, Ж. Елебеков, М. Ержанов сынды әншілер Біржанның өз шығармашылығын, оның әншілік-орындаушылық ерекшелігін бүгінгі ұрпаққа жеткізген. Біржан сал әнші-композиторлығымен қатар талантты әрі дарынды суырыпсалма ақын да болған (Біржан мен Сара айтысы т. б.). Оның ақындық өнерін кейінірек Сара Тастанбекқызы, Әсет, Доскей сияқты ақындар жалғастырды. Кеңестік заманда әдебиетшілер мен музыка этнографтары Біржаның жырларын, сыршыл әндерін жинап, бірнеше рет жинақ етіп бастырды. Оның әдеби және музыка шығармашылығы туралы бірқатар зерттеулер де жазылды. Біржан мен Сараның айтысы негізінде КСРО халық артисі, композитор М. Төлебаев қазақ опера өнерінің классикалық туындысы болған «Біржан-Сара» операсын жазды (либреттосы Қ. Жұмалиевтікі). Ал академик А.Қ. Жұбанов «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» (1942) атты кітабының үлкен бір тарауын Біржанға арнады.

Біздің заманға Біржан салдың алпысқа жуық әндері жеткен. Оның әндері нәзік сезімді, сұлулықты жырлаған сыршылдығымен қоса («Ғашығым», «Қаламқас», «Ләйлім шырақ», «Айтбай», «Ақтентек», т.б.), әлеуметтік мән-мазмұнымен де («Жанбота», «Адасқақ», «Көлбай – Жанбай», «Шідер», т.б.) құнды. Сара ақынмен айтысы оны дарынды, суырыпсалма ақын ретінде дүйім елге танытты. Біржан салдың ақындық өнерінің өріс ашып, өрби түсуіне Сара, Әсет, Доскей, т.б. қатарлы тұтас бір сала буын игі әсерін тигізген.

## Біржан мен Абайдың кездесуі (екі таланттың ішкі байланысы жайлы талдаулар)

Атақты сал, әнші, ақын Біржан Қожағұлұлы (1834-1897) өмірі туралы Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин сынды классиктер қалам тербеген кезінде. Ғалымдар, әлбетте, «Біржан – Сара айтысы» тақырыбына назар аударған. Мысалға «Біржан мен Сара айтысы болған ба, жоқ әлде, оны өз жанынан шығарып жазған Әріп Тәңірбергенов пе?» деген мәселені Б. Кенжебаев, Қ. Мұхаметханов, М. Ғабдуллин, Е. Ысмайылов, М. Имашев және т.б.ғалымдар көтергенін айтсақ та жеткілікті.

Әйтсе де, Біржан салдың Абаймен кездескені және екі тұлға арасындағы шығармашылық байланыс ашылмай-ақ келеді. Қолымызға түскен «Біржан сал Қожағұлұлы. Шығармалары» (Алматы, 2013) атты кітаптан осыған көз жеткіздік. Біржан сал Абай ауылында қай жылы болған? Әуелі осы мәселенің басын ашып алайық.

Көкшетаулық атақты әнші алыс сапарға бір-ақ рет шығып, Шыңғыстау арқылы Жетісуға жеткен. Бұл туралы жазушы Сәбит Мұқанов былай деп дерек береді: «Біржанның Сараны іздеп барып айтысқанында қасында болған немере інісі Ахметжанның айтуынша, ән айтып, ел аралап шыққан бір жолында Біржан атақты Абай ақынның елі Тобықтыға келеді, одан Балқаш көлінің түбегіне барады. Бұл арада отырған арғын руы, Балқаштың күнгей бетінде отырған найман руымен бақас. Ол екі елдің шаруашылық, рушылық бақасынан басқа мәдениет бақасы бар, соның бірі – ақындардың өнерлерін салыстыру» (аталған кітап, 158-бет).

Екі елдің мәдениет бақасы деген сөзге көңіл бөлейік. Біржанға шекті арғыннан барған Жанақ, Кеншімбай, Орынбай сынды ақындар Сарадан жеңіле беріпті. «Сарадан арғынның өзге ақындары жеңіліп жүрген соң, – дейді Сәбең, – еліне келген Біржанды арғыннан найманға алып барып, Біржанның керейлігін жасырып, «арғын ақыны» деуге керек» (сонда, 159-бет). Сәбеңнің бұл болжамын аталған кітаптағы өзге естеліктер де растап береді. Сөйтіп, Біржанның туған жері Көкшетау дуанынан Сараны іздеп аттанғанын аңдауға болады. Сал-сері жұрттың жер жаннаты Жетісуда, Матай дейтін елде атақты ақын қыз бар дегенін үнемі естіп жүрген секілді. Сарамен алғаш кездескенде Біржанның:

Көкшетау дуанына даңқың барған,
Мен Біржан алтын тудай айқындалған.
Естігелі Сара сені үш жыл болды,
Қыран ем төңірекке қанат жайған.
Мен келдім алыс жерден атқа мініп,
Есітіп, атағыңды сенің біліп, – дейтіні сол (Алатаудың етегі – Жетісуға екінші рет бару әншінің арманы болған, бірақ бері келе кедейленіп, қол қысқалығы мүмкіндік бермеген).

Сонымен, Біржан сал Абай ауылында қай жылы болған? Осы мәселені анықтау біздің міндет.

Мәселеге қатысты құнды дәйек Абайдың қолында өскен немере інісі Әрхам Ысқақовтың естелігінен кездесті. Ұлы ақын өмірінен мағлұмат берген әңгімесінің бірінде Әрхам Кәкітайұлы кездесу жайында жеңгем Әйгерімнен төмендегіні естідім дейді. Қар кетіп жатқан мезгіл көрінеді. Біржан келе жатыр дегенді естіп Абай «Сасық қамал қорада қалай қарсы аламын?» деп, Аралтөбе қыстауына бір жарым шақырым Тізесу деген жерге үй тіккізіпті. Біржанды сонда күтіп алған ғой. Әйгерім: «Мен сонда бір балама босанып, қыстауда отыр едім. Несін айтайын, Біржанның Тізесудан салған әні тап қасымнан естілгендей болды. Біржан сол жылы Тізесуда бір ай жатып, жайлауға бізбен бірге шықты» деген екен.

Міне, бізге керек деректің көкесі осы! Көмескі дүниеге сәуле түсті деп сүйіншілесек те артық емес. «Біржанды Абай күтіп алды» деп Әйгерім 1886 жылдың жазғытұрымын айтқан. Тексерейік.

Әйгерімнен Тұрағұл, Мекәйіл, Ізкәйіл, Кенже туған. Тұңғышы Тұрағұл 1875 жылы Ақшоқы қыстауында дүниеге келген. Екінші ұлы Мекәйіл 1884 жылы Бөріліде, үшінші ұлы Ізкәйіл он жыл кейінде, 1895 жылы Аралтөбеде дүниеге келгені мәлім. Ортаншы ұл Мекәйілдің туған жеріне зейін қоялық.

1885 жылы Абай кіші ауылын (Әйгерім ауылы) Бөріліден Аралтөбеге көшірген-ді. Неге? Себебі, Бөріліні Мұханның атасы Әуез бастатқан Қожа әулетіне босатып береді (бұған дейін Қожа ауылы Шыңғыс тауының Қызылшоқы деген жерін қоныстанған). Міне, Абайдың нәрестелі болған Әйгерімге арнап, сол маңдағы Аралтөбе деген жерден жаңадан там – «қамал қора» соққан себебі осы.

Сөйтіп, Әйгерім «Мен сонда бір балама босанып, қыстауда отыр едім» деп Аралтөбе қыстауын айтқаны анық. Қолында бір жастан асқан Мекәйіл болғаны да анықталып отыр. Әрі қарай: «Біржан сол жылы Тізесуда бір ай жатып, жайлауға бізбен бірге шықты» десе, бұл жерде «жайлау» деп Сырт Шыңғысты, яғни Бақанас жайлауын айтқаны өз өзінен түсінікті. Біржан сал сол кең қоныс жайлауда бірер ай емін-еркін бой жазады. Онан соң Абаймен қош айтысып, Жетісу сапарына бет түзеген ғой. Бұл туралы Мұхаң: «Атақты ақын қыз Сарамен айтысатын сапары болуы керек» дейді.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән менен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй, – дейтін Абайдың жаз бойы Біржан салдан көп ән үйренгені және Әйгерімге де үйреткені «Абай жолы» эпопеясынан көпке аян.

Осы айтылғандар Біржан 1886 жылдың жазын Абай ауылында өткізген деп тұжыруға мүмкіндік береді. Демек, Біржан-Сара айтысы дау-дамайының да нүктесін қоюға болатын сияқты.

Айтысты жіті тексеріп, ғылым кандидаты дәрежесін қорғаған Мұқан Имашев: «Алдыңғы толқын ағалардың өздері «Айтыстың» болған жылын анықтауға келгенде бір пікірге тоғыса алмай өтті» дей келе, былайша түйін түйеді: «Егер, сол ағалар: «Біржан сал мен жетісулық ақын Сара Тастанбекқызы тура мына жылы айтысқан» деп нүктесін қойып кеткенде бұл әңгіменің аяғы күні бүгінге дейін созылмас та еді» (Аталған кітап, 179-бет). Біз тексеріп, анықтап отырған датаның маңыздылығы осыдан-ақ айқын.

Сол Бақанас жайлауында өткен ғажайып күндерде Біржан сал Абайдың екі өлеңіне ән шығарған. Олар: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» және «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген аудармa өлеңі (бұл аталған өлеңдер 1886 жылы жазылған деген сөз емес). Осы кездерде Абайдың «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген ән өнері туралы алғашқы өлеңі дүниеге келеді (кейініректе оған ән де шығарған).

Көкшетаудан Шыңғыстау етегіне жетіп, ақын Абаймен танысып-табысқанда Біржан Қожағұлұлы 52 жаста. Әйгілі композитор Ахмет Жұбанов өзінің «Біржан сал» атты белгілі еңбегінде: «Әдемі ертоқымды ат, әшекейлі киім, аңыраған дауыс, көркем келбет – жүрген жерінің бәрінде Біржанның қадірін көтереді. ...Енді қайда келсе де, өзінен бұрын аты естілетінін көреді», – дейді. Біржанның өзі туралы айтқаны:

Арқаның түгел көрдім кәрі-жасын,
Ұмытпас құрбы-құрдас асыл тасын.

Енді Абайға келер болсақ, 1885 жылдың мамыр айында Қарамола деген жерде төтенше сияз өткен күндері генерал-губернатор Цеклинский ақынды төбе би сайлатып, билер ережесін түзуді тапсырға-ды. Негізі, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» бастатқан әйгілі өлеңдері Абайды екі облыстың (Семей, Ақмола) халқына танытып үлгерген еді. Абай (Ыбырай) есімін Көкшедегі Біржанның да естіп, білгені сол. Сарамен айтысында «Ыбырай жас жолбарыс жүректенген» дей келе:

Орта жүз Абай қойған атын батпай,
Үйіне ояз кірмес жауап қатпай, – деп түйеді.

Қос таланттың ішкі байланысы деген мәселеге оралайық. «Біржанның шығармашылық өнерінде үлкен бір оқиға оның Абай ауылына баруы, – дейді профессор А. Жұбанов жоғарыда аталған еңбегінде. – Баста өзінің әдеттегі ән саяхаты есебінде барғанымен, поэзия алыбы Абайдың әсері Біржанға күшті болады. ...Данышпан ән еркесі Біржанның үлкен талант екенін танып, оған тиісті баға береді. Әншінің халық шығармашылығын бабына келтіріп орындаумен қатар, өзінің шығарған әндерінің терең мазмұнына таң қалады».




Абайдың әсері күшті болғанына дәлел – Біржанның «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңіне ән шығаруы. Мұны композитор былайша бекітеді: «Өте жұмсақ, ойлы, философиялық астары бар шығарма. Ән сөзінің мәнін, сырын Біржан өзінше ашады, өзінше музыка тілімен талқылайды. Мұнда өзінің бұрынғы музыкалық қазынасына Абай ауылына барғаннан қосылған жаңа арна бары сезіледі».

11 жас үлкен әншінің Абайға күшті әсерін «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» атты өлеңнен аңдауға болады. Алайда Абай жинақтарында бұл өлең «1896 жылғы» деп қате таңбаланып келеді. Мұның өзі Біржан мен Абайдың байланысы ашылуын қиындатып отырған елеулі кедергінің бірі. Сол себепті айналып өте алмаймыз. Аталмыш өлең он жыл бұрын, екі тұлға кездескенде жазылғанын дәлелдеу шарт.

Арқаның ардагері Біржан әнді ащы самғаумен бастап отырған. Естелік әңгімелер әншінің ащы дауысы кейде «он-он бес шақырымдай» жерге жеткен деседі (аталған кітап, 369-бет). «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңінде ән айтудың осынау мәнерін Абай:

... Көбінесе ән басы келеді ащы,
«Кел, тыңда!» деп өзгеге болар басшы, –

деп атап өтеді. Біржанның Абайдың екі өлеңіне («Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын») шығарған әндері мұндай мәнерден ада. «Абай сөзіне жазылған әндер өзгерек, – дейді белгілі әнші, музыкант Еркін Шүкіман. – Біржанның, жалпы Арқа өнерпаздары әндерінің басы ащы, яғни алғашқы нотадан-ақ аспанға қалқиды, Абай сөзіне жазылған мына екі әнде ондай ащы самғау жоқ. Төменгі нотадан басталып, Абайдың төл әндері сияқты салмақпенен, баяу, кең үнмен айтылады, сонысымен ерекше». Сөйтіп, әнді баяу, кең үнмен айту Біржанға Абайдың берген әсері.

«Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңі мазмұнында екі талант кездескенінің дәлелі дегізетін жәйттер баршылық. Жарамды әнді Абай былайша сипаттайды:

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Тыңдаушыда әннен бәһра ала алатын ойлы құлақ болуы керек. Ал әннің көркі мен мәні тыңдаушыға, әрине, Біржан сынды әнші арқылы жетпекші.

Жаманға «жар» деген-ақ ән көрінер,
Жақсы ән білсе, айтуға кім ерінер?
Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер.

Ән «ұйықтап жатқан жүрегің оянардай», «жаның еріп, жабырқаған көңілің көтерілердей» шырқалуы керек. Абайдың әншіге қояр шарттары осы. Бірақ нағыз талант иесі сирек, сондықтан Абай: «Адам аз мұны біліп ән саларлық» деп ескертеді.

Сөйтіп, «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңі ақынның Біржанды ерекше қадір тұтқанының куәсі есепті. Біржанның есті әндерін тыңдап, көңілі өскен, жаны уанған Абайды көз алдыңа әкеледі.

Мәселе сонда, кездесуге бірер жыл өткенде (1888-1890 жж.) Абай өзі де ән шығаруға ден қояды. Бұл екі талант арасында болған тартылыс күшінің дәлелі. Ең басты себеп, Абай айналасына талапты жастар үйіріліп, ақындық мектебі қалыптасқан болатын. Ән – көңілді өсіру, жан дүниені көркейту құралы деп сазгерлікке кіріседі Абай. Кейінде өзінің ақындық қуатын айтқан «Қуаты оттай бұрқырап» өлеңінде «Сайысып-ақ бақты ғой, Неше түрлі айла етіп» дейді. Міне, ән шығару – сол айласының бірі еді. Реті келген соң айтайық, шәкірті Көкбайдың: «Кейін 1889-1890 жылдарда тыныштық алып отырғанда, барлық әндерін де бір-ақ қыста, жазға салым шығарды», – дегенін ұмытпай ескеруіміз керек. Әсіресе, композиторлық қырын зерттеуші мамандар. Абай ән шығарумен санаулы жылдар ғана айналысқан, сазгерлікті ұзақ жылдар серік еткен деген жаңсақ ой туғызбаған жөн.

Абай жинақтарында аталмыш өлең «1896 жылғы» деп он жылға қате таңбаланғаны несі? Осыны жетер жеріне жеткізе байыптап өтейік.

Абай әнге арнаған өлеңі екеу ғана: біреуі – «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», екіншісі – «Құлақтан кіріп бойды алар». Соңғының жазылу тарихын Тұрағұлдан естік: «Әнді өлең қып суреттегенінің себебі: мен де жасымда ақын шығармын деп аз-маз өлең жазып жүргенімде, әнді өлең қып көрейінші деп едім, қисынын келтіре алмадым. Сонан соң әкеме айттым: әнді өлең етіп суреттеңізші деп, сонан соң, әнді оған жалғас күйді суреттеп: «Құлақтан кіріп, бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй» деген өлеңді жазды».

Бұл 1897 жылы болған оқиға. Ән туралы екінші өлең не себептен жазылғанын Тұрағұлдан білдік. Егер «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңі де осы кездері жазылса, Тұрағұл мұндай кесек туындыны естелігінде атап-ақ өтер еді. Өлеңді мүлде аталмаған. Неге? Себебі, ол он жыл бұрынғы туынды, ол күнде Тұраш небары он жастағы жеткіншек. Абай жинақтарында бұл өлеңнің 1896 жылғы кілең ойшылдық шығармалар арасында «арпа ішінде бір бидай» сияқтанатыны бұл пайымды бекіте түседі.

Шыны сол, 1895-1897 жылдар Абайда уақыт байлығы болмаған. Ойшыл әлемдік деңгейге қадам басты: қарасөздерін індете жазды, ең бастысы, «Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңірі, Өзіне құмар қылған Оның әмірі» деп өзі айтқандай, ойшылдық өріске – Алланың ісін, хикметін танып-білуге ауысты. Тың тақырып – «толық адам» танымын қолға алғаны да осы тұс.

Қорыта айтқанда, ән өнері туралы екі өлең бір кезеңдікі дегенге күдік-күмән көп. Сондықтан, өздеріңіз көріп отырсыздар, «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» Біржанмен кездескен 1886 жылғы туынды екенін дәлелдеуге күш салдық. Қатені түзетудің ерте-кеші жоқ, 1909 жылғы тұңғыш жинақта жіберілген жаңсақтық түзетіліп, ән өнері туралы өлең өзінің заңды орнына қойылуға тиіс.

**А. ОМАРОВ, зерттеуші, Abai.kz.**

# РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

## Развитие села – развитие страны



Состоялся XXIV съезд партии «Ауыл», на котором были озвучены новшества в деятельности одной из ведущих партий страны. Особо следует подчеркнуть тот факт, что партия провела съезд партийцев именно в сельской местности, на широких просторах нашей Родины - в селе Зеренда Акмолинской области. Здесь партийцы обсудили промежуточные итоги деятельности.

В первую очередь, партия провела ребрендинг - теперь это просто партия «Ауыл», а не народно-демократическая патриотическая партия, как официально именовалась ранее. Внесли изменения в устав и программу.

Приоритетное направления для ауылчан – экономическая стратегия, поддержка сел, социальная политика, работа с молодежью и совершенствование системы госуправления.

Принимала участие в работе съезда как приглашенный гость, так как являюсь членом партии «AMANAT» и представителем аграрного сектора экономики страны.

На большом партийном мероприятии был поднят важных и приоритетных вопросов, касающиеся развития казахстанских сел: строительство дорог, обеспечение водой, освещение, социальный сектор.

Как работник сферы сельского хозяйства, как депутат и руководитель производственного агропромышленного предприятия, согласна со всеми задачами, которые ставит во главу угла партия «Ауыл», ведь отечественные села должны получить всемерную поддержку государства и взять курс на развитие и процветание.

Для внутреннего развития и обогащения человеку нужна духовная пища, которая подпитывает сознание особой энергией и позволяет прикоснуться к прекрасному. Такие чувства я ощутила на театральном мюзикле «Шәмші», поставленный Музыкальным театром юного зрителя г. Астана, в рамках Съезда партии «Ауыл» в Зерендинском районе.

Несколько часов театрального действа словно окунули нас, зрителей, в эпоху, в которой жил, творил, создавал свои шедевры легенда казахской культуры и музыки, национальная гордость казахского народа, автор Государственного Гимна РК, казахский композитор, Герой труда, Народный артист Казахстана, выдающийся король казахского вальса Шамши (Шамшид) Калдаяков. В основе постановки лег весь жизненный путь легендарного композитора, а красивая музыкальная подача увлекала в таинственный мир его бесценного творчества.

Следует отметить, что столичный театр юного зрителя нацелен на передачу и сохранение в обществе духовных ценностей, которые никогда не утрачивают актуальность, а создание музыкальной постановки о жизни и творчестве Шамши Калдаякова несёт в себе большую идеологическую и смысловую нагрузку. Нынешнее поколение должно знать, чтить и помнить путь, пройденный их выдающимся соотечественником, внесшим колоссальный вклад в культуру и историю страны.

Актеры профессионально донесли образ великого композитора: талант, муза, творчество, вдохновение, отношение общества, и дальнейшее признание народом.

Думаю, каждый из нас должен знать о судьбе и творческом пути великого Шамши. Каждая его песня - это одна история. Он оставил богатое наследие. Там, где есть казахский народ, Шамши живет у каждого в сердце.

**К. МЕНДЫБАЕВА, депутат Акмолинского областного маслихата, гость XXIV съезда партии «Ауыл».**

## Бердібек Соқпақбаев – әлем таныған жазушы



Балалар әдебиетінің классигінің туғанына биыл 100 жыл толады. Жазушы 1924 жылы 15 қазанда Алматы облысының Нарынқол ауылында туған. Өзі өмір сүрген ортаның кезең келбетін көз алдыға келтіре кескіндеген, заманның шындығын жүрек сыздата суреттеген, сол бір уақыт, сол бір күндердегі ел өмірін мөлдірете, жан-жүректі елжірете мүсіндеген алғыр ойлы, қайсар мінезді, қайтпас рухты шоқтығы биік ұлы тұлға. Халқы сүйген, қалың оқырманы бағасын бере құрметтеген жазушы. «Әдеби өлкетану» бағыты бойынша «Оқырман ұлт» жобасы аясында «Арман» аула клубының балаларымен балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған «Қазақ балалар әдебиетінің классигі» әдеби сағаты өткізілді. Іс-шара барысында кітапханашы жазушының өмірі мен шығармашылығымен таныстырып, оның өмірбаянының негізгі фактілерін атап өтті. Оқырмандардың назарына «Жазушының шығармаларындағы балалық шақ әлемі» атты бейне-презентация және «Менің атым Қожа»фильмінен үзінді ұсынылды. Іс-шараның мақсаты Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығы туралы идеяларды қалыптастыру, шығармалардың эмоционалды әсерін түсіну, оқу және қайталау дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуді жетілдіру. Жазушының шығармалары ұсынылып, белгілі әңгімелерге қысқаша талдау жасалды.

**А. КАПИЗИНА, балалар модельдік кітапханасының аға маманы.**

## Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра

Сырт көзге көріне бермейтін, мәні зор домбырадан қалыптасқан тәрбие үлгісі адамның ой ұшқырлығын шыңдауға, ата-бабадан кәсіп болған дәстүрді дамытуға, өнер арқылы білімге терең бойлауға мүмкіндік тудыратыны анық. Домбырадан - таралған тәрбие – білімнің қайнаған бұлағына, сарқылмас қазына, дәстүр табиғатына, қазақ тіліне өз үлесін қосып келе жатқан үрдіс.

Макинск қаласының Балалар музыка мектебі қазақ халқының қаситетті қара домбырасының мәртебесін үнемі асқақтатып келеді. Өнерге жақын, бойында күш-жігері жалындап тұрған қазақтың қара домалақ балаларына ұлттық аспапта ойнап үйрену ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақи тұрғыда тәрбиелеу міндеттерді де орындалып келеді. Бұл, әрине, ұлтжанды педагогтардың еңбегі.

Балалар музыка мектебінің қазақ ұлт бөлімінің ұстаздары мен оқушылары ұлттық Домбыра күніне орай, Макинск қаласының арнайы әлеуметтік қызмет көрсету Орталығының қызмет алушыларына мерекелік іс-шара өткізді. Көрермендердің назарына халық күйлері мен халық әндері, шетел композиторларының шығармалары орындалды. Домбырашылар өз өнерлерін көрсетіп көрермендерге қуаныш сыйлады.

Жалпы, Ұлттық домбыра күні 2018 жылдан бері шілденің алғашқы жексенбісі қазақтың төл аспабының күні ретіне тойланып келеді.



Домбыра жер бетінде кеңінен тараған шертпелі аспаптардың қатарына кіреді. Өнертанушылар мен тарихшылар мұндай аспаптар ғылымда X ғасырдан бастап белгілі деп тұжырымдайды. Алайда 2010 жылы отандық БАҚ тарихы біздің заманымыздың V ғасырынан басталатын «ата домбыра» табылғанын айтып сүйінші сұраған еді.

1500 жыл бұрын қолданыста болған көне аспап Алтай тауының Моңғолия жағындағы Үңгіртас деген үңгірден табылған. Әуелі малшының қолына түскен аспап археологтардың қызығушылығын оятып, 2008 жылы мемлекет қамқорлығына алынады. Бұл ғылыми жаңалыққа қазақ ғалымдарының арасынан танымал түрколог, филология ғылымдарының докторы Қаржаубай Сартқожаұлы назар аударып, аспаптың домбыраның арғы «атасы» екенін дәлелдеп шығады. Осылайша шертпе аспаптардың тарихы біздің заманымыздың V ғасырынан бастау алатыны белгілі болды.

**А. АМАНЖОЛОВА.**

## STOP мошенничеству: соблюдайте цифровую гигиену

В Казахстане за период с января по 23 июня 2024 года, по данным МВД РК, зарегистрировано свыше 9,4 тыс. случаев интернет-мошенничества. Чтобы не стать жертвой онлайн-преступников, нужно соблюдать определенные меры кибербезопасности. Fingramota.kz расскажет о них подробнее.

В цифровом мире существуют свои правила гигиены, которые необходимо выполнять регулярно. Только в этом случае они помогут защитить ваше киберпространство, а если проявить небрежность, то можно угодить в ловушку финансовых мошенников.

Формируйте правильные привычки, которые помогут обеспечить кибербезопасность в Сети

Правило № 1. Никогда и никому, особенно незнакомым людям, не отправляйте копию своего документа, удостоверяющего личность, не озвучивайте полные реквизиты карточки, особенно трехзначный код на обороте, код из SMS и иную персональную информацию. Не переходите по сомнительным ссылкам, не скачивайте нелицензированные приложения из неизвестных источников.

Утеря конфиденциальных данных зачастую ведет к их неправомерному использованию третьими лицами. Злоумышленники, чтобы получить сведения о вас и ваших финансовых счетах, придумывают различные способы обмана, в том числе с помощью фишинга.

Правило № 2. Периодически проводите «генеральную уборку» в своем цифровом пространстве, используйте антивирус

В большом потоке информации можно не заметить письмо от мошенников, а также сообщение о взломе вашего почтового ящика или аккаунта в соцсети, поэтому рекомендуем чаще наводить порядок в своем гаджете. А именно просматривать почту, удалять спам и подозрительные письма, блокируя их отправителей, отписываться от ненужных почтовых рассылок и развлекательных подписок в соцсетях, периодически чистить кэш для удаления ненужных данных.

Правило № 3. Используйте сложные и разные пароли

Цифровая гигиена сводится к безопасности имеющихся паролей к вашим аккаунтам и личным кабинетам в соцсетях, почте и различных приложениях, в том числе финансовых. Сложность пароля – это мера оценки времени, которое необходимо затратить на его угадывание или его подбор каким-либо методом, например, методом полного перебора.

Правило № 4. Не устанавливайте приложения на телефон из неавторизированных магазинов и внимательно следите за настройками конфиденциальности

Скачивайте приложения на свои гаджеты только из официальных магазинов, не устанавливайте пиратский софт. Прежде чем загрузить приложение, внимательно ознакомьтесь с комментариями пользователей и убедитесь в периодическом обновлении разработчиками приложения (в официальных магазинах в обязательном порядке указана дата последних обновлений). Время от времени проверяйте список установленных приложений, удаляйте старые, которые давно не обновлялись. Если хотите привязать к платным сервисам приложений карточку, то используйте для этого виртуальную карту.

Правило № 5. Не забывайте про резервное копирование файлов




Регулярно делайте резервные копии важных файлов на внешнем USB-носителе. Эта опция для этого и придумана, чтобы сохранять конфигурацию настроек, все приложения и личную информацию. Данная функция поможет восстановить данные с утерянного устройства и перенести их на новое, в случае утери или поломки гаджета.

Если вы потеряли телефон с номером, который напрямую привязан к вашей банковской карте, или, что еще хуже, его украли, незамедлительно обратитесь в банк, в котором вы обслуживаетесь. Попросите заблокировать свою карточку. Ее потом придется перевыпустить.

Уточните в банке, когда были в последний раз совершены операции по вашему счету. Если мошенники все же успели снять средства с карты или оформили на ваше имя «чужой» кредит, тогда напишите заявление в банк и попросите провести внутреннее расследование.

**fingramota.kz.**

# АҚПАРАТТЫҚ БЕТ – ИНФОРМАЦИОННАЯ СТРАНИЦА

## Коммуналдық қызмет көрсету шартын онлайн режимінде жасауға болады

Енді жылжымайтын мүлік иелеріне коммуналдық қызметтерді алу мақсатында шарт жасау үшін коммуналдық мекемелерге барудың қажеті жоқ. Оларға жылжымайтын мүлікті тіркеу кезінде шартты автоматты түрде жасау туралы SMS-хабарлама келетін болады.

Пилоттық жоба Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында, сондай-ақ Жетісу облысында іске асырылды. Айта кетейік, бұған дейін бұл қызмет Астана мен Алматыда жүзеге асырылған болатын. Бұл қалаларда сервис енгізілген күннен бастап жүз мыңнан астам онлайн шарттар жасалды.

«Мемлекеттік корпорация өзгерістер драйвері ретінде Invisible Government жолында технологиялық және клиентке бағдарланған сервистерді қалыптастыруда. «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесінің әкімдіктің жүйелерімен интеграциялануының арқасында мүліктің жаңа иелеріне коммуналдық қызметтерді ұсынушылар мен автоматты түрде шарт жасау мүмкіндігі пайда болды», - деді Мемлекеттік корпорацияның Басқарма Төрағасы Арман Кенжеғалиев.

Айта кетейік, жылжымайтын мүлікті сатып алған сәтте қазақстандықтарға шарт жасасу туралы ұсыныс келіп түседі. Меншік иесі келіскен жағдайда деректер коммуналдық қызметтерге жіберіледі және тұрғын үй иесінің қатысуынсыз автоматты түрде шарт жасалады. Өтінім қаралғаннан кейін мүлік иесіне SMS-хабарлама келіп түсіп, дайын құжатқа сілтеме беріледі.

Жақын арада Мемлекеттік корпорация жоба ауқымын кеңейтуді және оны бүкіл республика бойынша іске асыруды жоспарлап отырғанын айта кеткіміз келеді.

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ.**

## Заключить договор с коммунальными службами можно онлайн

Теперь владельцам недвижимости не обязательно обращаться в коммунальные инстанции для заключения договора на поставку услуг. При регистрации недвижимости им будет приходить SMS-сообщение с предложением автоматического заключения договора.

Пилотный проект реализован в Алматинской, Актюбинской, Жамбылской, Северо-Казахстанской, Акмолинской, Карагандинской, Костанайской, Кызылординской, Мангистауской и Туркестанской областях, а также в области Жетысу. К слову, ранее сервис стал доступен в Астане и Алматы. С момента внедрения в этих городах было заключено более ста тысяч онлайн договоров.

«Госкорпорация, как драйвер изменений, формирует технологичные и клиентоориентированные сервисы на пути к InvisibleGovernment. Благодаря интеграции ИС «Единый государственный кадастр недвижимости» с системами акиматов, новым владельцам недвижимости предоставляется возможность автоматически заключать договор с поставщиками коммунальных услуг», - рассказал Председатель Правления Госкорпорации Арман Кенжегалиев.

Отметим, что при покупке недвижимости казахстанцам поступит сообщение с предложением заключить договор. При согласии собственника данные будут направляться в коммунальные службы, и договор будет заключаться автоматически без участия хозяина жилья. После рассмотрения владельцу поступит SMS-сообщение, где будет указана ссылка на готовый документ.

К слову, в ближайшем времени Госкорпорация планирует масштабирование проекта и реализацию его по всей республике.

**НАО «Государственная корпорация» «Правительство для граждан».**

## Количество услуг постоянно растет

В период с 01.01.2024 г. по 31.05.2024 г. Единый накопительный пенсионный фонд оказал населению свыше 24,0 млн.услуг. Из общего количества - более 9,7 млн услуг оказано в электронном формате, в автоматическом – 13,5млн, в удаленном формате – порядка 0,3 млн. В очном формате было оказано более 492 тыс. услуг, в том числе непосредственно в офисах Фонда порядка 471 тыс.

Стоит отметить, что количество услуг, оказываемых в автоматическом режиме, постоянно растет. Прежде всего – открытие счетов (ИПС/УПС/ЦНС)икарточек участникам целевых требований. Данный рост обусловлен введением с 1 января 2024 года в Казахстане обязательного пенсионного взноса работодателя (ОПВР), а также расширением функционала ЕНПФ по учету и начислению выплат в рамках программы «Нацфонд-детям». Напомним, что все пенсионные счета открываются в ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса. Также автоматически начисляются целевые требования и целевые накопления участникам программы «Нацфонд – детям». Большинство услуг, в том числе автоматическое открытие счетов, начисление целевых требований несовершеннолетним гражданам и учет сумм ОПВР, стали доступны благодаря интеграции ЕНПФ с базами данных государственных органов. За отчетный период общее количество открытых индивидуальных пенсионных счетов (ИПС) по всем видам пенсионных взносов, включая условные пенсионные счета (УПС, открываемых в результате перечисления ОПВР работодателем) и целевых накопительных счетов (ЦНС, в рамках программы «Нацфонд-детям») превысило 4,2 млн.

По-прежнему популярной услугой остается получение выписки с индивидуального пенсионного счета, условного пенсионного счета (УПС), а также целевого накопительного счета (ЦНС). С начала года с ИПС, УПС, ЦНС было выдано более 11,0 млн. выписок, из которых 8,7 млн. - в электронном виде (более 79 % от общего количества выписок) и порядка 2 млн. в автоматическом режиме (18% от общего количества выписок).

ЕНПФ напоминает, что в личном кабинете на сайте и в мобильном приложении вкладчики (получатели) имеют возможность воспользоваться такими услугами, как внесение изменений и дополнений в свои реквизиты, устранение кредиторской задолженности, получение справки о наличии счетов, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно или по добровольным пенсионным взносам, отслеживание статуса заявления на выплату, перевод части накоплений управляющим инвестиционным портфелем (УИП), прогнозный расчет будущей пенсии с помощью пенсионного калькулятора и т.д. в режиме 24/7 в любой точке мира.

На изменение реквизитов за отчетный период 2024 года было принято более 96,7 тыс.заявлений во всех форматах, из них более 86,9 тыс. – в офисах Фонда. Обращаясь за той или иной услугой к специалистам ЕНПФ, вкладчики, как правило, получают дополнительные консультации и советы по формированию сбережений.

В рамках информационно-разъяснительной работы проведены порядка 17,3 тыс. выездных презентаций, на которых присутствовали 373,2 тыс. человек. В средствах массовой информации были размещены 16,5 тыс. материалов по сообщениям ЕНПФ.

Количество поступивших обращений вкладчиков по каналам обратной связи составило порядка 287,7 тыс.

Напомним, что любая компания может подать заявку на проведение презентации и консультаций по вопросам накопительной пенсионной системы с выездом в офис, для чего нужно просто позвонить в call-центр по номеру 1418 или обратиться через сайт или мобильное приложение Фонда.

Консультационные услуги ЕНПФ можно получить посредством мессенджеров (чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18), call-центра по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), на корпоративном сайте enpf.kz, а также на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, X(Twitter), Telegram, Одноклассники.

**Пресс-центр АО «ЕНПФ».**

## Пожарная безопасность на сенокосных угодьях

В первую очередь, сено - самая легкая добыча для огня. В этот пожароопасный период малейшая искра может вызвать пожар, способный за короткое время уничтожить грубые корма, а при дальнейшем неконтролируемом распространении стихия уничтожает лесные массивы, подходит вплотную к населенным пунктам, создавая угрозу жилью и хозяйственным постройкам. Хотелось бы еще раз напомнить жителям района, руководителям и специалистам хозяйств, что возгорание зачастую происходит от искр, вылетающих из выхлопных труб двигателей тракторов, комбайнов и автомобилей. Но многие ли во время сенокоса помнят правила пожарной безопасности? Ведь при их несоблюдении весь многодневный труд на сенокосе может пойти насмарку.

По статистике, в летнее время наиболее часто пожары происходят по вине владельцев частных домов, которые неосторожно обращаются с огнем, нарушают правила пожарной безопасности при хранении сена. Его часто складируют рядом с жилыми домами, банями и другими хозяйственными строениями. Часто причиной пожара становится детская шалость с огнем, а несут ответственность родители. Сено разрешается хранить в пристройках, отгороженных противопожарными перегородками из негорючего материала. Ответственность за пожарную безопасность жилых домов, гаражей, надворных построек, сена, складированного на территории усадьбы, несут их владельцы. За нарушение правил пожарной безопасности при хранении сена они могут быть привлечены к административной ответственности.

Чтобы не допустить пожара при уборке сена, необходимо соблюдать правила пожарной безопасности. До начала уборки сена, задействованные в ней лица должны пройти противопожарный инструктаж, уборочные агрегаты должны быть оснащены первичными средствами пожаротушения, задействованная сельхозтехника при заготовке сена должна быть оборудована исправными искрогасителями, иметь отрегулированные системы питания, зажигания, смазки. Запрещается использовать самодельную технику, не прошедшую регистрацию в установленном порядке, не допускается производить сварочные работы в полевых условиях.

Ответственность за обеспечение пожарной безопасности во время сенокоса возлагается непосредственно на руководителей хозяйствующих субъектов и физических лиц, занимающихся сенокосом.

**С. ТАУПЫК, старший инженер ОЧС Буландынского района, старший лейтенант гражданской защиты.**

* * *

## Рейдовые мероприятия

В жаркую погоду так естественно стремление большинства населения провести часы отдыха на природе в лесу или у водоемов, насладиться исходящей от воды прохладой, окунуться с головой в чистую воду и поплавать всласть. Но отдых у воды зачастую заканчивается гибелью людей. Многие при купании игнорируют правила поведения на воде и не соблюдают меры безопасности, зачастую купаются в не предназначенных для этих целей местах, в состоянии алкогольного опьянения и не умея плавать. Указанные обстоятельства приводят к трагическому исходу. Сотрудниками отдела по ЧС Буландынского района, совместно с местной полицейской службой, сотрудниками СПЧ-8 города Макинск проводятся рейды на местах купания в целях предупреждения гибели людей на воде, а также о том, как себя нужно вести в жаркую погоду на водоемах, отдыхающим вручаются памятки с правилами поведения на воде, инструктаж по оказанию помощи утопающему. Уважаемые жители и гости района, убедительная просьба соблюдать правила безопасного нахождения на водоемах нашего района!

**ОЧС Буландынского района.**

## Мемлекеттік корпорацияның АХАТ функциялары ауысқаннан кейінгі жылдың қорытындылары



2023 жылғы 1 шілдеден бастап азаматтық хал актілерін тіркеу функциялары жергілікті атқарушы органдардан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа берілді.

Ақмола облысы филиалында АХАТ-тың 20 дербес бөлімдері құрылып, басшылар тағайындалды. Бүгінгі таңда штатта 61 қызметкер бар.

Осы кезеңде 10 312 туу туралы куәлік тіркелді, 7 160 қайтыс болу туралы куәлік тіркелді, 3 994 неке (ерлі-зайыптылық) қиылды және 827 бұзылды. Халықтың табиғи өсімі 3152 адамды құрады.

2024 жылдың 1 мамырынан бастап денсаулық сақтау органдарымен бірлесіп перзентханаларда ЖСН тағайындау, сондай-ақ туу туралы куәлік беру бойынша пилоттық жоба іске қосылды.

Ағымдағы жылдың 1 маусымынан бастап неке қиюды салтанатты түрде тіркеу жұмыстары басталды. Біз отбасы институтының беделін жаңартып, жастар арасындағы отбасы беделін арттырудамыз, өйткені Пандемия да осы бағытта өз ізін қалдырды. Ақмола облысының 10 ауданы мен қаласында неке қиюды салтанатты жағдайда орыс тілінде де, мемлекеттік тілде де тіркеуге болады. Бірте-бірте әр бөлімде неке қию рәсімін салтанатты жағдайда өткізуге жағдай жасалады.

Отбасылық өмірдің мерейтойлары елеусіз қалмайды, Қазақстандық отбасы күніне, Наурыз мерекесіне және т.б. мерекелік шаралар өткізілді

Республика күніне орай мереке қарсаңында дүниеге келгендерге туу туралы куәліктерді салтанатты түрде табыс ету бойынша челлендж өткіздік.

1 жылды қорытындылай келе, атқарылған істер аз емес, алда әлі де үлкен міндеттер тұрғанын айта кету керек – деді Ақмола облысы бойынша» Азаматтарға арналған үкімет « филиалының директоры Ерлан Дауылбаев.

## Итоги года после перехода функций РАГС Госкорпорации

С 1 июля 2023 года функции по регистрации актов гражданского состояния были переданы от местных исполнительных органов в НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан».

В Филиале Акмолинской области были созданы 20 самостоятельных отделов РАГС и назначены руководители. На сегодняшний день штат состоит из 61 сотрудника.

За указанный период было зарегистрировано 10312 акта о рождении, 7160 – о смерти, заключено 3994 брака (супружества) и расторгнуто - 827. Естественный прирост населения составил 3152 гражданина.

С 1 мая 2024 года совместно с органами здравоохранения стартовал пилотный проект по присвоению ИИН в родильных домах, а также вручению свидетельств о рождении.

С 1 июня текущего года начата работа по торжественной регистрации браков (супружеств). Возобновляем престиж института семьи, повышения имиджа семьи среди молодежи, т.к. пандемия также оставила свой след в этом направлении. В 10 районах и городах Акмолинской области можно зарегистрировать брак в торжественной обстановке как на русском, так и государственном языке. Постепенно в каждом отделе будут созданы условия для проведения церемонии бракосочетания в торжественной обстановке.

Не остаются без внимания и юбиляры семейной жизни, были проведены чествования юбиляров к Казахстанскому дню семьи, на праздник Наурыз и т.д.

Ко Дню Республики провели челлендж по торжественному вручению свидетельств о рождении, родившихся в канун государственного праздника.

Подводя итоги 1 года, необходимо отметить, что сделано многое и впереди еще стоят большие задачи - рассказал Директор филиала НАО «ГК «Правительство для граждан» по Акмолинской области Ерлан Дауылбаев.